

**ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ
АРАСЫНДАҒЫ
МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ
ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРҒА ШОЛУ**

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР



Ресми атауы
Түркия Республикасы



Астана
Анкара



Басқару формасы
Президенттік республика



Ұлттық валюта
Түрік лирасы



Аумағы
783 562 км²

35
Әлемде



Халқы
85 664 944 адам



18
Әлемде

GDP

ЖІӨ (ағымдағы бағамен)
\$ 1 322,4 млрд


10
Әлемде

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының Жалпы ішкі өнімі, 2024 жыл, млрд доллар




Экспорт

257,4
млрд \$




Импорт

313,8
млрд \$



Сауда айналымы

571,3
млрд \$



Таза экспорт

-56,4
млрд \$

Заң шығару билігі бір палаталы парламент – Ұлы Ұлттық Мәжіліске тиесілі. Ол **600 депутаттан** тұрады және **5 жыл** мерзімге жалпыға бірдей тікелей дауыс беру арқылы пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша сайланады (2007 жылға дейін – 7 жыл мерзімге сайланған). **Саяси партиялар үшін ең төменгі өту шегі – 10%.**

Мемлекет басшысы – **Республика Президенті**. Атқарушы билік Президенттің басшылығымен жұмыс істейтін Президенттік Кабинетке тиесілі.

2017 жылғы конституциялық реформаларға дейін атқарушы билік Премьер-министр басқаратын Министрлер Кеңесіне тиесілі болған.

Қазіргі уақытта Түркия Республикасының Президенті – **Режеп Тайип Ердоған**.



Түркия Республикасының Президенті **Режеп Тайип Ердоған**

2014 жылдың 10 тамызында Режеп Тайип Ердоған Түркия тарихындағы алғашқы тікелей президент сайлауында жеңіске жетті. Бұған дейін ол елдің премьер-министрі болған.

2018 жылдың маусымында Түркияда (конституциялық өзгерістер қабылданғаннан кейін) мерзімінен бұрын президенттік сайлау өтті. Сайлауда Ердоған қайта жеңіске жетіп, 52,59% дауыс жинады.

2023 жылдың 28 мамырында Режеп Тайип Ердоған жаңартылған Конституция аясында екінші мерзімге қайта сайланып, оның өкілеттігі 2028 жылға дейін ұзартылды.

СЫРТҚЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – ҰСБ) деректеріне сәйкес, 2025 жылдың алғашқы 5 айында сыртқы сауда айналымы **53 524,8 млн АҚШ долларын** құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **2,5 млрд АҚШ долларына** немесе **4,5%-ға төмендеген**.

Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы **1 956,0 млн АҚШ долларын** құрады, бұл Қазақстанның жалпы сыртқы сауда көлемінің **3,7%-ын** құрайды. 2024 жылдың алғашқы 5 айымен салыстырғанда, екі ел арасындағы тауар айналымы **89,6 млн АҚШ долларына** немесе **4,4%-ға азайған**.

Екі ел арасындағы сауда құрылымында экспорттың үлесі басым (67,1%), ал импорттың үлесі аз (32,9%). Басқаша айтқанда, Қазақстан Түркияға сатып жатқан тауарларының көлемі сатып алатын тауарлардан **көбірек**.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – МКК) деректері бойынша, Қазақстаннан Түркияға экспортталатын тауарлар тізімі (СЭҚ ТН 4 таңбасы бойынша) **231 позициядан тұрады**, ал олардың **93,4%-ын** небәрі 5 негізгі тауар құрайды. Ал импорт анағұрлым әртараптандырылған және **671 тауарлық атаудан** тұрады.

№	СЭҚ ТН коды	Атауы	млн \$	Құрылымы
1		Түркияға экспорт	1 315,2	100%
2	7403	Мыс	622,5	47,3%
3	2709	Мұнай	469,3	35,7%
4	2710	Мұнай өнімдері	78,5	6,0%
5	3902	Полимерлер	33,8	2,6%
6	0713	Бұршақ дақылды көкөністер	24,0	1,8%

№	СЭҚ ТН коды	Атауы	млн \$	Құрылымы
1		Түркиядан импорт	643,1	100%
2	3004	Дәрілік заттар	46,1	47,3%
3	1206	Күнбағыс тұқымдары	29,1	35,7%
4	6204	Костюмдер, жиынтықтар	20,1	6,0%
5	9406	Құрастырмалы құрылыс конструкциялары	19,2	2,6%
6	5702	Тоқыма кілемдер	14,6	1,8%

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҰБ) деректеріне сәйкес, 2025 жылдың I тоқсанында елге келген шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (бұдан әрі – ШТИЖА) **6 583,7 млн АҚШ долларын** құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **382,8 млн АҚШ долларына** немесе **6,2%-ға жоғары**.

Осы ретте Түркиядан Қазақстанға келген ШТИЖА көлемі **175,9 млн АҚШ долларын** құрап, бұл Қазақстанға тартылған жалпы ШТИЖА көлемінің **2,7%-ын** құрады. Соңғы 10 жылда Түркиядан Қазақстанға келген ШТИЖА көлемі **4 074,6 млн АҚШ долларын** құрап, бұл жалпы көлемнің **1,8%-ын** құрайды.

ҰБ деректеріне сәйкес, 2025 жылдың I тоқсанында Қазақстаннан шетелге шыққан тікелей инвестициялардың жалпы ағыны (бұдан әрі – ШТИША) **1 424,1 млн АҚШ долларын** құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **920,9 млн АҚШ долларына** немесе **183,0%-ға жоғары**.

Қазақстаннан Түркияға бағытталған ШТИША көлемі **1 126,9 млн АҚШ долларын** құрап, бұл елден шыққан жалпы инвестиция көлемінің **79,1%-ын** құрады. Соңғы 10 жыл ішінде Қазақстаннан Түркияға бағытталған ШТИША көлемі **1 566,0 млн АҚШ долларын** құрап, бұл жалпы көлемнің **4,6%-ын** құрайды.

Сонымен қатар, ҰСБ деректері бойынша, 2024 жылы Түркиядан Қазақстанға көшіп келген азаматтар саны **527 адамды** құрады, ал Қазақстаннан Түркияға қоныс аударғандар саны – **41 адам**. Яғни, көші-қон сальдосы **486 адамды** құрады, бұл дегеніміз **бір Қазақстан азаматына** шамамен **13 Түркиядан келген иммигранттан** келеді.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ



Маңызды ақпарат. Дисклеймер.

«BCC Invest» АҚ клиенттері үшін тәуекелдер туралы ақпарат
Маңызды ақпарат:

Осы материал тек ақпараттық мақсатта таратылады. Бұл материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі болып табылмайды. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным болып саналмайды. Материал алушы ұсынылған ақпаратқа ғана сүйеніп шешім қабылдамауы тиіс. Есептеулер, тарихи деректер және осы материалда қамтылған өзге де ақпараттар «BCC Invest» АҚ қызметкерлері тарапынан жалпы қолжетімді дереккөздерден алынған мәліметтер негізінде дайындалған. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығы, дәлдігі және шынайылығын тексермейді және тексеруге міндетті емес. «BCC Invest» АҚ ұсынған кез келген ақпаратты клиент өз қалауы бойынша және өз тәуекелімен пайдаланады.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағаздарды сатып алу немесе сатуға міндеттеме қабылдау, мәміле жасауға итермелеу немесе салықтық, құқықтық, инвестициялық мәселелер бойынша ұсыным болып табылмайды, сондай-ақ ақпарат алушының нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы ұсыныс болып саналмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен және түрлі базалық активтері бар туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операцияларды жүзеге асырмас бұрын, «BCC Invest» АҚ ұсынған ақпаратты алған тұлғалар көрсетілген қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссиялық проспект және т.б.) танысуы және мәміле жасасқанға дейін қаржы, құқықтық, салықтық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңесу қажет. Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер белгілі бір тәуекелдермен байланысты, бұл тәуекелдер үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-ға жүктелмейді, өйткені бұл тәуекелдер тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс және олардың салдарын болжау немесе болдырмау мүмкіндігі шектеулі. Ақпарат алушы қаржы құралдарымен мәміле жасасу мүмкіндігін өзі дербес бағалауы тиіс. Егер мәміленің экономикалық және құқықтық мәні, шарттары, құжаттамасы және оған байланысты тәуекелдер ақпарат алушыға түсініксіз немесе оның мақсаттары мен күтілімдеріне сәйкес келмесе, ол мұндай мәміле жасамауы тиіс. Қаржы құралдарымен операциялар елеулі қаржылық және өзге де тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Сол себепті мұндай мәмілелер осындай тәуекелдерді қабылдауға және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығындарды көтеруге дайын тұлғалар үшін арналған. Ақпарат алушы кез келген мәміле жасар алдында осы мәміле бойынша туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және кез келген сценарий кезінде өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстарға ие екеніне көз жеткізуі тиіс.

Қаржы нарығында операциялар жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірістен айырылу, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін немесе барлығын жоғалту, сондай-ақ қосымша шығындар тәуекеліне ие екенін ескеру қажет. Күтілетін кірістілік туралы кез келген ақпарат тек болжам деп қабылдануы тиіс. Бұрынғы инвестициялық қызмет нәтижелері болашақ нәтижелердің кепілі болып табылмайды, ал активтердің құны артуы да, төмендеуі де мүмкін. Шетел валютасының айырбас бағамының өзгеруі де инвестициялар құнының азаюына немесе өсуіне алып келуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ қандай да бір қаржылық нәтижеге кепілдік бермейді және ұсынылған ақпаратты пайдалану нәтижесінде алынуы мүмкін табысқа қатысты жауапкершілік көтермейді.

«Мүдделер қақтығысы»

«BCC Invest» АҚ брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау жөніндегі үлгілік шарттарда сипатталған қызметтерге ұқсас қызметтерді үшінші тұлғаларға көрсететінін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тапсырмаларын орындайтынын және бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер мен операцияларды өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде жүзеге асыратынын, сондай-ақ кәсіпқой қызметтің өзге түрлерімен қоса (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес) ақпараттық қызметтер, қаржылық кеңес беру, андеррайтинг, облигациялар ұстаушылардың өкілі қызметі, активтерді сенімгерлік басқару және маркет-мейкер қызметтерін атқаратынын хабарлаймыз.

Жоғарыда көрсетілген қызметтерді көрсету барысында «BCC Invest» АҚ бұл қызметтер үшін сыйақы алады, бұл өз кезегінде «BCC Invest» АҚ мен клиент арасындағы мүдделер қақтығысының туындауына алып келуі мүмкін.

«BCC Invest» АҚ клиентке егер мәміле жасау мүдделер қақтығысына әкелетін болса, мұндай мәмілені жасамауға кеңес береді.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген мемлекеттік лицензия № 3.2.235/12, 10.07.2018 ж.